

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№11 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 11:00

Сенат залы

25 маусым 2025 жыл

Сәрсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің директоры, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

4.1. Университет ОПҚ-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева*);

4.1.2. «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның аттестаттау ісін 30100 – «Жалпы медицина» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды: «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның аттестаттау ісін 30100 – «Жалпы медицина» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну мәселесін қарады. Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның аттестаттау ісін 30100 – «Жалпы медицина» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алу үшін ұсынған құжаттарымен, ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды. *А.Абибуллаева:* Жолдасова Нургуль Жанабаевна университетте 2023 жылдан қызмет етіп келе жатыр, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 19 жыл, оның ішінде қауымдастырылған профессор м.а. қызметінде 13 жыл. 30100 – «Жалпы медицина» бағыты бойынша ізденуші Жолдасова Нургуль Жанабаевна медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алғаннан кейін 30 ғылыми еңбегі жарық көрген, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 10 ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 75 болатын 1 ғылыми мақала, кемінде 50 болатын 3 ғылыми мақала, кемінде 25 болатын 3 ғылыми

мақала; шетелдік ғылыми журналдарда – 3; халықаралық конференция материалдарында- 3 жарияланған. Сонымен қатар, жалғыз авторлықта (көлемі 8,25 баспа табак) Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның 1 монографиясы мен инновациялық өнертабысқа 1 патент жарық көрген.

Шығып сөйлегендер: Стоматология факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, м.ғ.к., Татыкаева Угилжан Бурхановна сөз алып, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның аттестаттау ісін 30100 – Жалпы медицина бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдауы білдірілгенін атап өтті: Жолдасова Нургуль Жанабаевна университетте 2023 жылдан бері абыройлы қызмет етіп келеді.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Жолдасова Нургуль Жанабаевна аттестаттау ісін 30100 – Жалпы медицина бағыты бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұраймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1.2. «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының кандидаты Жолдасова Нургуль Жанабаевнаның аттестаттау ісін 30100 – Жалпы медицина ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева